



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №28-29 (10 023)

● 10 шілде

● жұма

● 2020 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

(МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ
АРНАЙЫ BERГЕН СҰХБАТЫ)



– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет, өкінішке қарай, біздің елімізге де оңай тиген жоқ. Пандемия алғаш басталғаннан-ақ, Өзіңіздің басшылығыңызбен мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды қолға алды. Карантин шаралары өлі де жалғасып келеді.

Жалпы соңғы кезде карантин шараларына қарамастан елімізде індет тез таралуда. Қазірдің өзінде дерт жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Жүзден аса адам осы науқастан қайтыс болды. Жұрт көдімгідей үрей құшағында қалды. Бұл індет түрлі деңгейдегі билік өкілдерін де айналып өткен жоқ. Ел арасында «Үкімет індеттің таралуын бақылаудан шығарып алды, сондықтан ауруханаларда орын жетіспейді» деген секілді әңгімелер де аз емес. Дүрліккен жұртқа қандай басы айтасыз? Расында да, осы індеттің таралуына қарсы күресте жеңіліп жатқан жоқпыз ба?

– Шынында да, бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Ауыр дерттің алдында дамыған мемлекеттердің өздері дерменсіз болып отыр. Оған бәріміз куәміз. Озық деп жүрген Еуропа елдері, азуын айға

білеген АҚШ, Азия алыптары – Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, тағы басқа да елдер тығырыққа тірелгендей.

Ал қазір, «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жарақпен жабдықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір, ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді.

Бір нәрсені айта кетейін, биліктегілер де – өздеріңіз секілді ет пен сүйектен жаралған адамдар. Лауазымды қызметкерлер жұмыс бабына байланысты бірқатар азаматтармен кездесуі керек, сондықтан ел ішіндегі іссапарларға шығады. Сондай жағдайда кеселді жұқтырып алуы мүмкін. Иә, олар да ауырады, науқасынан емделеді. Билікте жүргендердің арасынан 15 шақты адам осы дертке шалдықты. Ал қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі – қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асқындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп қарауға болмайды. Қазақ «Кемедегінің жаны бір»

дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқандан кейін өшкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейқам отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

– Иә, қоғам орнында тұрмайды, дамуы керек. Орайы келгенде қордаланып қалған, келешекте қалай болады деп халық жауабын күтіп жүрген бірқатар қадау-қадау мәселелер жайлы сөз қозғасақ. Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауыңызда қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталған едіңіз.

Өзіңіз білесіз, биыл жарық көргеніне 30 жыл толған «Ана тілі» ұлт басылымы да тұңғыш санынан бастап туған тілдің бары мен жоғын түгендеп келеді. Мемлекеттік тіліміз ұлттаралық қатынас тіліне айналуы үшін қандай қадамдар жасалуы керек деп

(Басы. Соңы 2 - 3 беттерде).



Бейбітшілік ордасы

Астана - бұл сөзге қазақ түгіл, төрт - күл әлемнің еті үйренгендей.

Астана сөзі тілге оралғанда шаһар ретінде жаңа - жаңа бойын тіктеп, еңсе көтеріп келе жатқан Елордасы көз алдымызға келе қалады.

Ол – жай қала ғана емес. Елорда. Кеше ғана Тәуелсіздігін алып, буыны енді қатайып келе жатқан Қазақ мемлекетінің астанасы. Астана қазіргі күні көздің жауын алады. Қарап тұрып сүйсінесің, сүйсініп тұрып, шүкіршілік етесің.

Астана – бұл қазақтың, мерейі, мәртебесі. «Мерейіміз таси бергей, Астанамыз ажарына ажар қосып, сұлулығынан танбағай» деген шынайы көңіл тұлға бойды кернейді.

Астана дүниежүзіне мәлім. Мұнда әлемнің талай мемлекеттерінің серкелері бас қосып, пікір алмасып, маңызды шешімдер қабылдап жүр. Астана – ел мақтанышы. Мұнда қызмет ету де, білім алу да – бақыт.

Ел астанасы Нұр-Сұлтан – жаңа қала, жаңа шаһар. Ол келешекте бүгінгіден де құлпырып, көркейе беретіндігіне сеніміміз зор.

Бүгінгі заманның талабына сай сәні мен салтанаты келісіп, бірлігі мен ынтымағы жарасып, көкке самғаған зәулім биік ғимараттары бар, Есілге қонған аққудай, бұл әлемде ең жас Астанадай көркем қала бар ма? Бұл – жеңістің кілтін достықпен тапқан нартәуекелдің қаласы. Арманы асқақ, асуы биік жандардың салған қаласы. Елінің бір күндігін емес, халқының 100 ғасырлық бірлігін ойлап, Елбасының салған қаласы. Еуразия кіндігіне орналасқан алты Алаштың бас қосқан қасиетті мекені, кемел келешегі бар жаңа Астана бүгінде әлемдік саясатта ықпал жасайтын, Қазақстан жайында түсінік қалыптастыратын, қазіргі заманның ең ірі геосаяси жобаларының бірі.

Халықаралық дәрежедегі спорттық ойындар мен әлемдік ауқымдағы басқосулар өтетін, сәні мен салтанаты келіскен, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ХХІ ғасырдың көркем сәулетті қаласы – Астана арман емес, ақиқатқа айналған, қиял емес, аз ғана уақыт аралығында қолымыз жеткен шынайы тарихи жетістік.

Ендеше барша ақсулықтарды Елордасы Астана күнімен шын жүректен аудан әкімдігінің және "Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалы атынан, аудандық мәслихат депутаттары атынан құттықтаймыз. Астана күні құтты болсын! Астанамыз жайнай берсін!

Есім Сейілханұлы БАЗАРХАНОВ,
аудан әкімі, "Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы.

Бейбіт Жаңылысұлы СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы.



Құттықтаймыз!



Құтты болсын 70 деген жасыңыз, Сексеннің де сенгірінен асыңыз. Қуат алып денсаулықтың нәрінен, Жүзіп өтіп, жүзге аяқ басыңыз. Немерелер, шөберелер алдында, Қуаныштың бақыт дәмін татыңыз.

Балалардың арасында жүріңіз, Шат күлкіге толы болсын жүзіңіз. Тілейміз біз шын жүректен бәріміз, Деніңіз сау, ұзақ өмір сүріңіз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ЖҰМАҒАЛИ ҰРПАҚТАРЫ.

ХАСЕН КӨПТІЛЕУОВ

ХАСЕН КӨПТІЛЕУОВ 1937 жылдың 14 сәуірінде Алматы облысы, Ақсу ауданының Жаңақоғам колхозында дүниеге келді. 1956 жылы Мамания орта мектебін бітірді. Сол жылы Кеңес армиясының қатарына шақырылып, тың астығын да жинасты. Ол 1957 жылы аудандық «Ленин жолы» газетінде қызметін бастады. 1959 – 1961 жылдар аралығында Қосағаш ауылындағы селолық кітапхана меңгерушісі және аудандық мәдениет бөліміндегі автоклуб меңгерушісі болды. 1961 жылдан 1967 жылдарда Қызылорақ орта мектебінде әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Ауданда алғашқылардың бірі болып 1964 жылы ҚазМУ – нің журналистика факультетін бітірді. 1967



жылдан аудандық «Өмір нұры» газетінде бөлім меңгерушісі, 1967 жылдан 1989 жылдарда газет редакторының орынбасары, 1989 жылдан 1995 жылдарда Сарқан ауданындағы «Ленин жолы» қазақша газетінің редакторы, ал 1995 жылдан 2002 жылға дейін «Ақсу өңірі» газетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Ол Қазақстан Журналистер одағының 6 съезінің делегаты болып сайланды. «Еңбектегі ерлігі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарымен наградталды. Облыстық, аудандық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық атқару комитеттерінің грамотасымен сан мәрте марапатталды. 1986 жылы «Бәйтерек» 2004 жылы «Биік тұлға» атты кітаптары жарық көрді. Ақын, журналист екі повестің, 12 өңгіменің, екі поэманың, 500 өлеңнің, 320 очерктің, 2400 мақаланың авторы.

Ол 23 жыл бойы аудандық газетте бастауыш партия ұйымының хатшысы болды. Көптеген жастарды журналистік мамандыққа тәрбиеледі. 7 бала өсірді. Облыс әкімі және журналистер одағының ұйғаруы бойынша үздіктер қатарына қосылып, К.Қазыбаев атындағы сыйлықтың лауреаты аталды. Республикалық, творчестволық жарыстардың жүлдегері болды. Бұдан 11 жыл бұрын аудан әкімдігі және Мәслихаттың шешімі бойынша ауданның Құрмет кітабына есімі жазылды. Міне, артына осындай өшпес із қалдырған ардақты ағамыз, атамыз, журналистика саласындағы ұстазымыз 83 жасқа толған шағында дүниеден озды. Сіздің жарқын бейнеңіз мәңгі жадымызда қалады. Артында қалған ұрпақтарына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта, төні рахатта болсын.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА, "Ақсу өңірі" газетінің редакторы және бірге қызмет істеген Ардагер журналистер.

ДОМБЫРА – ХАЛЫҚТЫҢ МҰРАСЫ

(ДОМБЫРА КҮНІ)



Домбыра-қазақ халқының ең кең тараған екі шекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол-қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма - күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық - фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Бұл музыкалық аспаптың пайда болу тарихы ғасырлар қойнауына кетеді, археология арқылы домбыраның ерте кезде пайда болғандығы анықталады.

Хорезм маңынан табылған балбал тастағы суретте бала қолына бір аспапты ұстап отыр. Оған әлемде ең ұқсасы қазақтың домбырасы. Осы балбал тастың тарихы б.з.д 5 мыңыншы жылдан басталады. Қазақ дегеннің аты да, ісі де жоқ кез. Демек қазақтан бұрын домбыраның болғандығын көрсетеді.

Домбыраның екі түрі бар: батыстық және шығыстық, батыстық домбыра жалы жіңішке және ұзынша болып келеді. Аспаптың көлемімен қалыбының түрі дыбысталу күшіне әсер етеді, көлемі үлкен болса дыбысталуы да сондай болады. Дыбысталу сипатына оң қол техникасының әсері бар: төкпе күйлерде дыбыс қол білезігін күшті сілкі арқылы екі ішекті қағумен алынса, шерпе күйлерде дыбыс жекелеген қол саусақтарымен шектерді шерту арқылы берілген. Осылайша домбыра мен күйші, олардың орындалуы арасында тығыз байланыс бар. Домбыра тек екі ішекті ғана емес, үш ішекті болып келеді. Тіпті осы киелі аспаптың бағасын халықаралық дәрежедегі ғалымдар да ақын, жазушылар да айтып кеткен. Александр Ефимович Алекторов: Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен еш уақытта сенбейтін болар едім! Егер

де мына қарапайым жанына тиетін әнді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның ызыңдаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім! Султанмахмұт Торайғыров: Біздің қазақ ән құмар халық. Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы - қырдағысы жиналып, сегіздегі бала сексендегі шалына дейін қамалып, айтып-айтысып жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады. Міне Султанмахмұт Торайғыров айтып кеткендей қазақ домбырасын еш уақытта қолынан тастаған емес. Біреу әу десе екіншісі қосылып әгугайға айналған.

Аңыз - ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шайық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасалған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тымтырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл сайтанның ісі болды ғой!», - деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғары тиекті «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғары тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат.

Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағыдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспаптың шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған. Қоңыр үнді домбыра қоңыр баланың шерін тарқатқан. «Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп, Өргізіпті-ау қоңыр-қоңыр баланы» деген ақын

Жүмекен Нәжімеденовтың өлең жолдарынан «қоңырдың» қазақ үшін ерекше ұғым екенін аңғарасыз. Ғалымдар домбыраның қос ішегінен төгілген дыбысын компьютерге жазып алып, спектрограммасын математикалық жолмен жан-жақты тексерген. Сол кезде «қоңыр» үнінің параметрлері көрсетілген. Қара торы баланы қоңыр қозыға теңеген әженің сөзін естіген боларсыз.

- Жер шарын ыстық үйек, суық үйек, ортасын қоңыр үйек деп бөледі. Сол қоңыр үйекті мекендеген біздің ата-бабаларымыз қоңыр күйді таңдаған болуы керек. Сол сияқты аңдар да өздерінің жақсы-жаман қасиеттеріне қарай жыртқыш аң, қоңыр деп бөлінеді екен. Табиғат дыбыстарының бәрі дерлік адам болмысына сәйкес өлшеммен өлшенеді. Қазақтар домбыраның шертілуіне, күйдің мән - мағынасына, ырғағына қарап, қоңыр дыбысты, қоңыр үнді деп атайды. Онысы көңілге қонымды дегенді білдіреді, - дейді Жүмекенді Нәжімеденов кітабында.

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері арқан сайын домбыра тарту өнері де едауір өрге басып, байи түсетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда балалардың домбыра аспабына деген қызығушылықтары артып келеді. Суықсай ауылындағы Ю.Гагарин атындағы орта мектебіннің оқушылары арасында, мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен домбыра үйірмесі жұмыс істейді. Қазақтың қазақтығын көрсететін ол бірден-бір-домбыра болып табылады. Домбыра – қазақтың халық аспабы. Домбыра-қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептеледі.

Айтжамал ЧЕМОМБАЕВА, Суықсай ауылдық мәдениет үйінің директоры.

САЙЛАУБЕК АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ

БАРДЫҢ ЕМЕС, АРДЫҢ ҚҰЛЫ ЕДІ



Сайлаубек Алдабергенұлы талай жылдар ауданымыздың ардагерлер кеңесінің мүшесі, Жансүгір ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып еңбек етті. Сайлаубек Алдабергенұлы мәнді де мағыналы ғұмырында Жансүгір ауылы үшін көп жұмыс жасап, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Кісілік пен кішілік келбеті биік парасаттылығымен танылды. Ауылдың береке бірлігіне ұйытқы бола білді. Ауыл ардагерлерінің өнегелі істерін жастар арасында насихаттап, ауылдың көркеюіне де үлкен үлес қосты. Үлкендерге ізетті іні, кішілерге қамқор аға бола білді. Қарапайым көпшілік мінезі, жайдары көңілі, жарқын келбетімен жұрт жүрегінде мәңгі қалады. Асқар таудай қымбатты аға, жаныңыз жәннатта пейіштің төрінде болсын! Сіздің жарқын жүзіңіз жүрегіміздің төрінде сақталады.

Амантай АЙТБАЕВ, аудандық ардагерлер ұйымы, Ардагер кеңесінің төрағасы.

Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат депутаттары ауданымыздың "Құрметті азаматтары" болған ардақты ағаларымыз **Сайлаубек АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ** мен **Хасен КӨПТІЛЕУОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты артында қалған ұрпақтарына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып қайғырып көңіл айтады.

- Касулханов Руслан Мусиркесиновичтің атындағы Ақсу ауданы, Матай ауылы, Девовская көшесі №1Б әкімшілік тұрмыстық кеңесінің құрылысын жүргізу мақсатында берілген қад №03-254-119-161 алаңы 0,2240 жердің мемлекеттік актісі, техникалық құжаттары жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.
- Мажим Мейрамханнның атындағы Арасан ауылы, Гарифулла Мамбетов көшесі, №1А үйдің барлық техникалық құжаттары жоғалғандығын хабарлаймыз. қад №03-254-106-192-2/А.
- Балыкбаева Гүлнара Кудайбергеновнаның атындағы қад. №03 – 254 – 016 – 444 көлемі 250 га, қад. №03 – 254 – 006 – 149 көлемі 249 га. тәлім жердің мемлекеттік актісі жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

Газетіміздің келесі саны 31 шілдеде шығатынын ескертеміз.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Аудан әкімдігі.

Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Директор - бас редактор Қасымбекова Ләззат Қалмұхамбетқызы

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5. Аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2148

Директор бас редактор - 2-11-61
Жауапты хатшы - 2-12-90
Электрондық почта aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ЖОБА

ПРОЕКТ

Ақсу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 сәуірдегі №2-8 «Ақсу ауданында жиналыстар, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы

О признании утратившим силу решение Аксуского районного маслихата от 14 апреля 2016 года №2-8 «О дополнительном регламентировании порядка проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Аксуском районе»

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 «О правовых актах», Аксуский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының «Ақсу ауданында жиналыстар митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» 2016 жылғы 14 сәуірдегі №2-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3822 тіркелген, 2016 жылдың 26 мамырында «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

1. Признать устаревшим силу решение Аксуского районного маслихата «О признании утратившим силу решение Аксуского районного маслихата от 14 апреля 2016 года №2-8 «О дополнительном регламентировании порядка проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Аксуском районе» от 14 апреля 2016 года №2-8 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №3822, опубликован 26 мая 2016 года в информационно-правовой системе «Әділет»)

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Усенов Нурбол Каметкалиевичке жүктелсін.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата Аксуского районного маслихата Усенов Нурбол Каметкалиевича.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Ақсу аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Председатель сессии Аксуского районного маслихата

Ақсу аудандық мәслихатының хатшысы

Секретарь Аксуского районного маслихата

ЖОБА

ПРОЕКТ

Ақсу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 мамырдағы №15-70 «Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы

О признании утратившим силу решение Аксуского районного маслихата от 29 мая 2017 года №15-70 «Об утверждении Правил выдачи служебного удостоверения аппарата Аксуского района маслихата и его описания»

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», Аксуский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының «Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы» 2017 жылғы 29 мамырдағы №15-70 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4266 тіркелген, 2017 жылдың 20 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

1. Признать утратившим силу решение Аксуского районного маслихата «Об утверждении Правил выдачи служебного удостоверения аппарата Аксуского районного маслихата и его описания» от 29 мая 2017 года №15-70 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №4266, опубликован 20 июля 2017 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Усенов Нурбол Каметкалиевичке жүктелсін.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата Аксуского районного маслихата Усенов Нурбол Каметкалиевича.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Ақсу аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Председатель сессии Аксуского районного маслихата

Ақсу аудандық мәслихатының хатшысы

Секретарь Аксуского районного маслихата

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

тың орындар болып табылады және Ақсу ауданының жергілікті атқарушы органымен бейбіт жиналыстар өткізуге арналған орын болып айқындалған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары өткізетін жария іс-шара.

1. Қоса беріліп отырған:

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңын бұза отырып жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер өткізуге тыйым салынады.

1) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге «Төтенше жағдай туралы», «Соғыс жағдайы туралы» және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

2) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес;

Арнайы орындардағы бейбіт жиналыстар сағат 9-дан ерте басталып, жергілікті уақыт бойынша сағат 20-дан кешіктірілмей аяқталады.

3) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес;

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушы Заңның 5-бабына сәйкес құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ тыйым салуларға ие болады.

4) пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Бейбіт жиналыстарға қатысушылардың Заңның 6-бабына сәйкес құқықтары, сондай-ақ, тыйым салулар бар.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың «Әлеуметтік қорғау, заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары және қоршаған ортаны қорғау мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Бейбіт жиналыстарға қатысушылардың Заңның 6-бабына сәйкес құқықтары, сондай-ақ, тыйым салулар бар.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге талаптар

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б.СҮЛЕЙМЕНОВ

шешіміне қосымша

шешіміне қосымша

Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы

Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы

«___» шілдедегі №___ шешіміне 1-қосымша

«___» шілдедегі №___ шешіміне 3-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың

Table with 3 columns: Eldi meken, Bейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, Шекті толу нормалары. Rows include Жансүгіров ауылы and Жансүгіров ауылы.

материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге талаптар

1. Арнайы орындарда бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттар мен өзге де көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар ақаусыз техникалық жай-күйде орнату жергілікті атқарушы органың келісімімен.

2. Арнайы орындарда бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс күшейткіш техникалық құралдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дыбыс деңгейімен пайдаланылсын.

3. Бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техниканың жарамды құралдарын пайдалану, сондай - ақ бейне және фототүсірілім жүргізу.

4. Бейбіт жиналыстар өткізу кезінде арнайы орындарда қауіпті химиялық, тез тұтанатын сұйықтарды және заттарды, жарылғыш және пиротехникалық құралдарды және бұйымдарды пайдаланбау, қолданбау, жинамау.

5. Атыс және суық қаруды, өткір, шаншу және кесетін заттарды, құрылыс материалдарын, металл құбырлардың кесіндісі, ағаш кесінділерді, шыны және металл ыдыстарды, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қарсы пайдаланылуы мүмкін заттарды жинауға, пайдалануға және қолдануға жол берілмейді.

шешіміне қосымша

шешіміне қосымша

Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы

Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы

«___» шілдедегі №___ шешіміне 2-қосымша

«___» шілдедегі №___ шешіміне 4-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабына сәйкес дайындалды және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды.

Жаппай жерлеу орындарынан 100 метр;

Теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі нысандарынан 100 метр;

Мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарынан 400 метр;

Қауіпті өндірістік нысандар және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де нысандарынан 100 метр;

Магистралдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдары, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілерінен 100 метр.

Құрметті салық төлеушілер!

2020 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарларға ілеспе жүк құжаттарды рәсімдеу бойынша міндеттемелер туындайды

- ТІЖ рәсімдеу ережесі және олардың құжат айналымы, ТІЖ-ның техникалық сипаттамасы: http://kgd.gov.kz/ru/content/soprovoditel'naya-nakladnaya-na-tovary - 1;

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №1424 бұйрығына сәйкес

2020 жылдың 1 шілдесінен бастап ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан ҚР аумағына тауарларды әкелу кезінде, сондай-ақ ҚР аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына тауарларды әкету кезінде «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) тауарларға ілеспе жүк құжаттарды (бұдан әрі – ТІЖ) рәсімдеу бойынша міндеттемелер туындайды.

кезінде ТІЖ ҚР Мемлекеттік шекарасынан өткен күннің алдындағы күннен кешіктірмей импорттаушының рәсімдеуіне жатады. Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мемлекеттер - мүшелерінің аумағына тауарларды әкету кезінде жылжыту, іске асыру және (немесе) тауарларды тиеу күнінен кешіктірмей экспорттаушы ТІЖ рәсімдейді. ТІЖ-мен жұмыс істеу жөніндегі материалдар ҚР ҚМ МКК порталында келесі жолмен жарияланған:

ЕАЭО аумағынан тауарларды әкелу

ТІЖ-мен жұмыс бойынша пайдаланушының нұсқаулығы: http://kgd.gov.kz/ru/content/informacionnyematerialny-po-sisteme - 1. ЭШФ АЖ-де СНТ-мен жұмыс істеу бойынша іске асылыпған web-интерфейс тестілік стенде https://esftest.kgd.gov.kz:9443/esf-web/login#!/ қол жетімді.

Ақсу ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТТІ ЗАҢДАРЫ

8. Қазақтың әдетті заңдары жөнінде материалдар.

Жинақ Жетісудың облыстық баспахана-сында басылған. Жинақ негізінде жалғыз-ақ дана. Алматы қаласындағы А.С.Пушкин атындағы көпшілік кітапханасы сақтауында ғана бар. Шыққан жылы мен авторы белгісіз. Материалдардың мазмұнына қарағанда «ХІХ-ғасырдың аяғы, тіпті ХХ-ғасырдың басы» деп мөлшерлеуге болады. Жинақтағы материалдар:

- Жанұя туралы заңдар.
- Мирасқорлық.
- Меншік туралы.

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТТІ ЗАҢДАРЫ» ЖӨНІНДЕ МАТЕРИАЛДАРДА КЕЗДЕСЕТІН СӨЗДЕРГЕ МӘКЕЙ ЕРКІНБЕКОВТЫҢ ПАЙЫМЫ:

1. Аға өлсе - жеңге мұра, іні өлсе - келін мұра, ат өлсе - сауыр мұра.

Мағынасы: «Ағасы өлсе әйелін інісі алады. Інісі өлсе, әйелін ағасы алады. Ат өлсе, терісін иесі алады» деген түсінік. Бұл мәтел патриархалдық феодалдықы құрылыс кезіндегі әйелдердің қалың көрсетеді.

2. Азусыз ат, жиексіз шапан.

Орысша тәржімесі: «Лошадь без коренного зуба, шуба без каймы». Бұл қылмыс үшін салынатын айыптың бір түрі. Шынында, азусыз ат дегені - бір қойдың бағасындай, жиексіз шапаны - үш-төрт кез мата болады. Бұл айыптың жеңіл түрі. Маңызы кем қылмысқа салынады.

3. Айып.

Бұл - нағыз шығынның төлемінен тыс салынатын айып.

4. Айбана.

Айыптың ең жоғарғы түрі (үш тоғыз). Бұл айып ұрыларға салынады. Мысалы: Түйе ұрпаған ұры. Ұрпаған түйені төлегеннен кейін, төмендегі айыпты тартады:

- Нар бастатқан 3 түйе, 3 жылқы, 3 сиыр.
- Өт бастатқан 3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой.
- Ағз бастатқан 3 сиыр, 6 қой.

Барлығы: 27 бас.

5. Айғақ.

Куә (свидетель).

6. Айғақтың тайғағы.

(Неустойчивый свидетель). Мұндай табансыз куәлардың куәлігі оның жақын-жамбарларының бірінің жан беруімен дәлелденетін болған.

7. Алты жақсы.

Ер құнының жартысы. Мысалы: Ердің құны 1000 қой болса, таңдап алған 6 жақсы мал (ат, түйе) 500 қойға немесе 50 жылқыға, болмаса қалы кілем жапқан қара нар бастатқан 25 түйеге тең.

8. Әмеңгер.

Өлген адамның әйелін алуға құқылы жақын-жамбары, сол әйелдің әмеңгері болады. Әмеңгерлік (левираттық) заң ерте заманда Русь халқында да болған екен.

9. Ас - атау, қуә - көбін. Қастықсыз қатеден өлтірілген адамның жақынына өлтірушіден алып беретін бірнеше бас мал (на помин души).

10. Ата мұра.

Әкесінен мирас қалған мал-мүлік немесе ата-бабасынан келе жатқан мансап, т.б.

11. Аталы ұл - қожалы құл.

(Сын перед отцом, как раб перед господином). Бұл мәтел феодалдықы жанұядағы өкпенің орнын көрсетеді.

12. Ат-тон айып.

Қылмыс үшін салынатын айыптың бір түрі (штраф в размере одной лошади и одной шубы).

13. Ат-шапан айып.

(Штраф в размере одной лошади и одного халата). Бұл айып біреуді жәбірлеген (ұру, соғу) үшін салынады.

14. Арамзада.

(Поганый плод). Бұрын некесіз туғандарды солай деп атаған екен.

15. Ант ұрған.

(Клятвопреступник, проклятый).

16. Ат-май.

Біреудің атын (жылқысын) уақытша пайдалану. (Буквально: сало коня).

17. Аяқ қасы.

Қызға төленетін қалың малдың бір түрі, домалақ қырық жеті. Яғни, 47 байтал. Бұл қалың малдың жоғарғы түрі болып саналады. Домалақ қырық жетіге екі түрлі үстеме төлеу (приплата) тиісті болады. Соның бірі - аяқ жақсы. Яғни, бір таңдамалы жақсы мал 4 түйенің орнына жүреді. 2 - бас жақсы 5 түйенің орнына жүреді.

18. Бата сөйлесу.

Қыз әкесінің үйінде төленетін қалың мал туралы келісу. Егер қалың мал қырық жеті болса, бас жақсы, аяқ жақсының қайсыны ендіру туралы келіседі. Немесе 47-ге келіседі. Онда бас жақсы да, аяқ жақсы да болмайды. Таза 47 байтал болады. 47-ге бас жақсы, аяқ жақсының екеуін қатар

МӘКЕЙ ЕРКІНБЕКОВ ЗИРАТ БАСЫНА ҚОЙЫЛҒАН БЕЛГІ



ендіруге де болады (өздерінің келісіміне қарай). Қалың малдың ең төменгі түрі - 17. Яғни, 17 байтал. Бата сөйлесуде жыртыс, тоймал, ілу сияқты кәделерге де келіседі.

19. Кәде.

Қыздың жақын-жамбарларына күйеу тарапынан берілетін сыйлықтар. Мысалы:

а) Қызқашар (убегание невесты). Күндізгі тойдан соң, кешкі ойын өткізу шығыны үшін беріледі. Мөлшері - ұлылы, кішілі бір қарадан кем болмайды.

б) Жеңгетай. Қалыңдығын бірінші рет алып келгенде күйеудің жеңгелеріне беретін сыйлығы. Бұл күйеудің әл-шамасына қарай болады.

в) Ірге басар. Қайнысына бірінші рет келгенде күйеудің әкелетін сыйлығы. Ең кемі бір қара болады.

г) Ентікпе. Алдынан жүгіріп шыққан әйелдерге беретін күйеудің сыйлығы.

д) Ілу. Қыздың үлкен әкесінің үйіне күйеудің беретін құрмет сыйлығы. Түйеден төмен қарай, ең кемі бір қарадан кем болмайды.

е) Жыртыс. Бұл күйеудің жасаудай төлейтін кәдесі. Мөлшері бата сөйлескенде белгіленеді. Кемінде 3-4 қараның құнындай болады. Ауқатты адамдар арасында жыртыс мөлшері үлкен болады.

ж) Той-мал. Қыздың тойына сойылатын мал. Мұны қыз әкесі өз еркімен салып алады. Бұлардан басқа ұсақ-түйек кәделер толып жатыр. Осы кәделердің барлығы да міндетті түрде алынады. Бұл жөнінде: «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды» (Невеста без выкупа может быть, но не может быть жениха без подарки).

20. Жіп кесу.

Бір даулы істі бітіргеннен кейін жіп кесу әдеп-ғұрып, салты болған. Ол істің біткенін, қылмыстының босаңғанын көрсететін ырым.

21. Мойнына қосақ, соңына тіркеу.

Ұрыға кесілетін айыптың бір түрі. Мысалы: ұрпаған бие болса, ұры биені өзін төлеп, мойнына қосақ үшін бір құнан, соңына тіркеу үшін бір тай айыпқа төлейді.

22. Бата аяқ.

Қызды айттырарда ұл әкесінің қыз әкесіне апаратын сыйлығы. Әдетте бата аяққа: жақсы түйе, жақсы ат, ту бие апарды.

23. Боқ жағылған не етеді? Сүйегінен етеді. Ат тағылған не етеді? Сүйегінен етеді.

Қылмыс - жаманат, сүйекке өшпейтін таңба салады деген мағынада.

24. Жан садағасы.

(Выкуп души). Қылмысты адамды ақтау, я қаралау үшін оның жақын ағайындарынан біреуді жанға ұстайды. Егер жанға ұсталған адам құранды көтеріп, құдайдың атымен ант ішсе, ол - жан бергені. Қылмысты адам ақталды. Егер жан беруден бас тартса, қылмысты адам жазаланады. Кейбір жағдайда жанға ұсталған адам талапкерге: мынау адам қылмыстан ақ, мен ант ішуге дәтім шыдымайды. Жан садағасын алып, бітіс дейді. Оған көнбесең, аққа күйдірмеймін, жан беремін дейді. Егер жан беріп кетсе, құрып қалармын деп қорыққан

талапкер, жан садағасын алып бітіседі. Жан садағасының мөлшері даудың көлеміне қарай әр түрлі болады. Мысалы: бір жылқы даулаған болса, жан садағасы бір қой болады. Жанға адам ұстау - белгілі айғақ, куә жоқ болған жағдайда болады.

25. Төркін.

Ұзатқан қыздың үй-ішіндегі әкесі, бауырлары және жақын туыстары, тіпті бүткіл руы, сол қызға төркін болады.

26. Жиен.

Ұзатқан қыздан туған бала шешесінің төркініне жиен болады.

27. Нағашы.

Шешесінің төркіні нағашы болады.

28. Жиендік қылу.

Жиен өз нағашысының малынан көңілі түскенін сұрағанға бермесе, ұрлап әкетуге, яки, алып қашып кетуге құқы бар. Осыны «жиендік қылу» дейді. Жиендік қылмысқа жатпайды. «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген мәтел осындай.

29. Төркіндеу.

Ұзатқан қыздың төркініне бірінші рет келуі. Қайтарында мал-мүліктен қалаған-сұрағанын беріп, қайтаруға міндетті. Төркіннен қалаған-сұрағанын толық алып қайтқан әйел, жүзі жарқын болып, мақтанып оралады.

30. Өкіл ата.

Ауылға түскен келіншекке, сол ауылдан біреу өкіл ата болады. Ол барлық жағдайда өз әкесіндей болуға тиісті.

31. Сыбаға.

Құрметті адамдарға, ауыл ақсақалдарына әкелетін соғымға сойылған малдың мүшелері (жамбас, жая, қазы, т.б.).

32. Шешесі бар жетімнің басында - тарақ қол ойнар, шешесі жоқ жетімнің басында - бит пен сірке ойнар.

Бұл мәтел үйелмен ішінде, әсіресе, бала тәрбиесі жөніндегі әйелдің орнын көрсетеді.

33. Шашу.

(Разбрасывание). Құдалық тойда - құданың басына, күйеу келгенде - күйеудің басына, келін түскенде - келіннің басына құрт, бауырсақ шашады. Оны балалар таласып теріп алады.

34. Шатыр байғазы.

Ұзатқан қыздың отауын тіккенде күйеудің әкелетін көрімдік сыйлығы.

35. Хан сыртынан жұдырық.

(За спиной хана кулак). Ханға жұдырық түйе болады. Бірақ, көрмесе болғаны деген сөз бар. Демек, сырттан айтқан сөз үшін, біреуді сыртынан жәбірлегені үшін - ешкімді жазалауға болмайды деген мағынада.

36. Ұры серігімен, жартуыл жолдасымен. (Вор с соучастником, грабитель с сообщником). Демек, ұрлық және ел талау жөнінде айыпталғандардың жолдастары да жазаланған.

37. Төреге бар ма, төбеге шық па.

(Не доходи до султана, не восходи на возвышение). Төренің, бидің алдына бармай-ақ, істі өзара келісіп, бітіріңдер деген ұғым.

38. Тентек бақан жияды, телі қатын жияды.

(Отчаянный собирает дубины, глупец собирает жен). Бұл көп қатын алуға қарсы көзқарастан туған мәтел.

39. Таузыр.

Бұл - жазаның бір түрі. Жазалы адамды тұрғызып қойып, арқасына соғатын болған.

40. Тамыр түбі дау, құрдас түбі жау. (Дружба кончается тяжбой, ровесники кончатся враждой). Бұл мақал тамырлық пен құрдастықтың сенімсіз достық екенін көрсетеді.

41. Қылыш үстінде серт жоқ.

Жауласқан уақытта бұрынғы уәде, ант, бәрі бұзылады. Өтірік айту, алдау дұрыс болмайды деген мағынада.

42. Қымызды кім ішпейді, қызға кім бармайды.

(Кто не пьет кумыс, кто не ухаживает за девушкой). Мақал ХІХ-ғасырдың ІІ-ші жартысында пайда болған. Жас әйелдің жүріс-тұрысына жеңіл-желпі қарау көзқарасының туа бастағанын көрсетеді.

43. Қызтеке.

(Гермофродит). Еркектік және әйелдік жыныс мүшелері бар адам.

44. Жылмиған жүйрік, жылжыған жорға. Мақал жақсы аттар жөнінде айтылған. Ондай малды ұрпағандарға үлкен төлеу, айып кесілетін болған.

45. Малға кепіл төлейді, ерге кепіл өледі. Мақал кепілдіктің қаншалық ауыр екенін көрсетеді.

Мәкей Еркінбековтың қолжазба дәптеріне жазып кеткені «білген мар-жаз» екенін білдіреді. Қазақ салт-дәстүр ғұрпында болған орнықты дүниелерді паш етеді. Әмбе ақ патша тапсырысымен арнайы теріліп, кітап болып, баспадан шыққандығын анық жеткізеді. Мәкей тағылмысы, танымы мұнымен шектелмейді. Тек, арда Ақсу жастарынан бір «Мәкейтанушы» шықпағаны ғана бол-маса.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.



ЕЛ БҰЗЫЛСА ҚҰРАДЫ ШАЙТАН ӨРМЕК

«МЕН ЕГЕР ЗАКОН ҚУАТЫ ҚОЛЫМДА БАР КІСІ БОЛСАМ, АДАМ МІНЕЗІН ТҮЗЕП БОЛМАЙДЫ ДЕГЕН КІСІНІҢ ТІЛІН КЕСЕР ЕДІМ».
АБАЙ.


Міне, ынсап, ұят, ар, намыс, сабырдың орнына надандық, өтірік пен өсек, күншілдік сияқты індет шалған қоғамдық ортада тек жалғандық өріс алды. Осылайша сорлы қазақ алтыбақан алауыздыққа душар болды. Осы ащы шындықты дана Абай ғана көре алды емес пе.

Осыған орай Абай: - Әрбір жалқау кісі - қорқақ, қайратсыз; әрбір қайратсыз - қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ - қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамасақ, өзі тойымсыз, тиымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады, - дейді.

Мұндай қоғамның түбінде дағдарысқа ұшырап, іштей іріп - шіріп кететінін болжаған Абай: Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,

Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек...
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?...
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек...
Күштілерім сөз айтса, Бас ізеймін шыбындап,
Әлсіздің сөзін салғыртсып, шала ұғамын қырындап.

Міне, өз заманының запыраны Абайды аяған жоқ. Бар болғаны 59 жыл ғана өмір сүрді. Әрине, бұған рухани қайғы қоғамнан және жағдайынан 18 жыл болыс болды, би болды. Ақыры бәрінің баянсыз екенін түсініп, өз еркімен биліктен кетті. Өйткені, патша үкіметінің сұрқия саясатын, заңсыздықты терең түсінді. Қазақ өз ырқынан айырылды, бодандық қамытын кидік деп ұқты. Оны Абай білім арқылы да, ілімі арқылы да біліп отырды. Ең бастысы, қазақтың мінез - құлқының өзгергенін, ұсақталғанын көзімен көрді. Міне, осыдан келіп оның жүрегінен зар шықты. Бұл да Абайдың қайғысына қайғы жамады. Өйткені, отбасылық жағдайында өзінің жақсы көрген балалары өзінен бұрын өмірден озды. Ақын үшін ең ауыр қайғы, үлкен соққы болды. Әлеуметтік қайғы және бар. Өзінің өлеңінде «Қайғы шығар ілімнен. Ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығады тілімнен», - дейді. Бұл зардың астарында патша үкіметінің «жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтыру» саясатын ұлы ақын бірден ұққан еді. Өйткені, бұл саясаттың негізі көп жыл ойластырылып барып 1867 жылы қабылданған Жаңа Низам ережесі болатын. Бұл Заңда патша үкіметі қазақ жеріне болыстың билеу заңын, жүйесін енгізді. Бұған Абайда, басқалар да көнді. Өйткені, бодан ел болғандықтан патша Заңына бағынды. Болыстық басқару жүйесінде рулық - әулеттік басқару және территориялық - аумақтық басқару жүйесі бар болды. Міне, Абай осы рулық - әулеттік басқаруды қалады. Сол рудың ақсақалдары ұсынған адам сайлауға түседі.



Басқа құжаттарды патшаның қол астындағы қызметкерлері жазады да, патша тек қол қойып береді. Ал раскриті патшаның өзі ерекше мән беріп, аса құпия жағдайда өз қолымен жазады. Осы 1902 жылы жазылған раскритте патша «Қазақтарды тез арада орыстандырып, шоқындыру керек. Көнбесе, жер бетінен жойып жіберіңдер» деп бұйрық берген. Осы аса құпия бұйрықты Думаға депутат болған Шәймерден Қосшығұлов қолына түсіреді. Сөйтеді де оның екі көшірмесінің біреуін Абайға, екіншісін Мәшһүр Жүсіп Көпейге салып жібереді. Басқа да қазақтың зиялы қауымдарына, бас көтерер азаматтарға хат жазып жағдайды түсіндіреді. Алайда, мұны патша үкіметінің адамдары біліп қойып, бүкіл жандар мерия, губерния басшылары Абайдың қолындағы аса құпия раскритті алуға күш салады, үйін тінтеді. Бірақ, ол хат Ақылбайдың үйінде болып шығады. Ақылбай болса «мен мұның не екенін білмеймін, темекі орауға алып едім» - дейді.

Абайдың сенген бір тірегі ол - орыстың тілін білу керек, мәдениетін ұғу керек дегені еді. Бірақ, осылайша ол тірегі құлады. Абайдың құса болғаны осы жайт екен, -дейді тарихи деректе.

Ұлы ақын Абайда өз елінде заң шығаруға араласқан. 1885 жылы мамыр айында Семей облысындағы Қарамолда бес дуан елінің съезінде билер бекіткен 73 баптан тұратын заң Ереже қабылданып, 1886 жылы Қазан университеті баспасынан араб әрпімен басылып шығады. Абайдың сондағы қол қойған ережесі 92 баптан тұрған екен.

Я, Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек заманында өмір сүрген Ұлы ақын өлемнің есем шыңды болып қала бермек. Өйткені, ел Президенті Тоқаев, ұлы ойшылдың әдеби мұрасына сүйеніп, одан қалған «аталар сезінін» әлемдік үдірістері мен өзгерістерге үлгі бола алатынын айта келе, «Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді... Абай мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық», - деп ерекше зер салып тоқталғаны бекер емес шығар.

Дәурен МҰХАМЕТШАРОВ,
заң маманы, Қазақстан
Журналистер одағының мүшесі.

ЗАЙЫРЛЫ - ДІНИ БІЛІМ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ислам діні ғылым мен білімге ерекше мән берген дін. Құранның ең алғашқы бұйрығының «Оқы!» деп келуінің де ерекше мәні бар. Жеті қабат аспан мен жердегі барлық жаратылыс атаулы, тіпті судағы алып балықтарда да шынайы білім жолындағылар үшін Алладан жарылқау тілейді екен. Ғалымның білімсіз діндардан артықшылығы толған айдың өзге ұсақ жұлдыздардан артықшылығы секілді.

«Білімді іздеу - әрбір мұсылман еркек ке де әйелге де пары» деп білім іздеуді еркек әйел бәріне міндет еткен. Шарифи ғылымдар арқылы біз Жаратушы Алланы танып, ғибадатты дұрыс жасау жолдарын үйренеміз. Бұған дінді және шарифатты зерттеуге қатысты барлық ілім салалары жатады. Мысалы Құран ілімдері, сүннет және хадис ілімдері, ақида, фикх және оның негіздері, ахлақ, шарифатқа, дінге қатысты ғылымдар. Сонымен қатар, бұл бөлімге осы ғылымдарды үйрену үшін қолданылатын қосымша араб тілі мен әдебиеті, тарих т.б. секілді ғылым салалары да кіреді. Ал зайырлы ғылымдар дегеніміз адам өз өмірін жақсартуға, елін-жерін көркейтуге, қоршаған ортаны зерттеуге, ғаламды тануға арналған ғылымдарды жатқыза аламыз. Бұған медицина, геометрия, астрономия, химия, физика, география, биология, жер бетін және өсімдіктерді, жан-жануарларды зерттеуге арналған ғылым салалары жатады.

Ислам өркениеті орта ғасырларда ғылым-білім арқылы ғана дамуға қол жеткізді. Діни біліммен қатар басқа ғылымдар да өркениет пен мәдениеттің дамуына серпін берді. Ислам елдеріндегі мешіттердің жанында медреселер жұмыс жасады. Онда діни білімдермен қатар зайырлы ілімдерді үйрету қоса жүргізілді. Кейбір медреселер уақыт өтуімен университеттерге айналып отырды. Мұсылман басшылар өз елдерінде көптеген орталықтарын ашты, ол жерде ғалымдар зерттеулер жүргізіп, ғылымды дамытып, білім ақпараттарын алмасып отырды. Ерте кезеңде құрылған ең танымал ғылыми орталық - IX ғасырдың 20 жылдары Халифа әл-Мәмун негізін қалаған Байтұл хикма (Даналық үйі) орталығы. Алғашқы кезеңдері Бағдад, Каир, Дамаск, Бұхара, Ғазна, Самарқанд, Хорезм, Исфахан, Кордова қалаларында ілім-білім қарқынды дамыды. 859 жылы Фатима әл-Фихри ханшайым Фес (Морокко) қаласында

алғашқы замануи үлгіде университет тұрғызды. Бұл университетте ерлермен бірге әйелдер де білім алуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ мұндағы бірнеше факультетте ғылымның әр түрлі діни, әдеби, жаратылыстану салаларында пәндер оқытылды.

Астрономия - мұсылман ғалымдары ерекше қызығушылық танытқан ғылым салаларының бірі. Мұсылмандардың ірі қалаларының бәрінде дерлік обсерваториялар бой көтерді. 1259 жылы ат-Туси әлемдегі ең үлкен Мараға обсерваториясын салды. Мұсылман ғалымдар Шараф ад-Дин ат-Туси, Ибн аш-Шатыр ең алғаш рет жердің өз осінен айналатынын айтты. Мұсылмандар жұлдыздардың орнын және ара-қашықтығын есептейтін құрал астролябты жетілдірді. Әл-Беруни Жердің Күнді айналатындығын дәлелдеді. Оның зерттеулері үнділік Нандана қаласында жүргізілді. Ол жер бетінің ауданын есептеп шықты. Оның есептеу тәсілі Еуропада Беруни әдісі деген атпен танымал.

Ортағасырлық ғалым әл-Ферғани Күннің бетіндегі дақтарды ашты. Оның астрономиядағы жазған кітаптары Еуропада 700 жыл бойы оқулық ретінде қолданылды.

Ал қазіргі таңда, өкінішке орай, мұсылмандардың шарифат ілімдеріне ғана көңіл бөліп, жаратылыстану ғылымдарын дамытуда кенже қалып жатқаны жасырын емес. Шарифат ілімдерін ғана оқып, әлемнің жаратылыс құпияларын ашатын жаратылыстану білімдеріне мән бермеу мұсылмандар үшін жат әрі өте қатерлі. Ислам дінінің көркейіп дамуы үшін шарифат білімдер қаншалықты қажет болса, жаратылыстану ғылымдарынсыз оны жүзеге асыру тіптен мүмкін емес. Неге десеңіз ол екеуін бірінен бөліп-жаруға болмайды.

Бүгінгі таңда бұл екеуінің арасын бөліп тастау мұсылмандардың адамзат дамуы көшінен артта қалуын әкеліп соқтыруда. Орта ғасырларда Ислам үмбеті осы жаратылыстану секілді ғылымдар дамыған уақыттарда әлемді мойындатты, әлемде ең күшті қуатқа айналды, атақ-даңқтың шегіне жетті. Ал осы жаратылыстану ғылымдары дұрыс жолға қойылмай, зерттелмей қалған кездерде, ислам үмбеті дамымай, артта қалды. Бұған тарихтың өзі куә.

Исламды дінім деп жүрген мұсылманның өз мамандығы бой-

ынша артта қалуы оның ислам дінін тарату жолындағы уағыз-насихатына кері әсерін тигізеді сөзсіз. Мәселен, дінді жақсы ұстанатын бір студентті алсақ, Егер ол достарының арасында оқуында үздік болмаса, тіпті мамандығының өзін дұрыс игермесе қай замандасы оның өмірінен үлгі алып, дінін қабылдайды? Сол себепті, әрбір адам, әрбір дінін сүйетін мұсылман өз саласында биіктерді бағындырып, мамандығының терең игеруі қажет.

Өркениет дамуына үлес қосу, білім-ғылымды үйрену, дамыту, қоғамға пайдалы тірлік жасау, өркімнің өз саласында қоғамның дамуына мүмкіндігінше күш жұмсауы - Алла Тағаланың дінін көтеру, ислам туын биіктету болып есептеледі. Адам жер бетіне халифа етіп жіберілді. Сондықтан ол Раббысын танып, ғибадатын жасап, өзі өмір сүріп жатқан жер бетін игеруі керек.

Жер бетінде орынбасар болудың шарттарының бірі - өркениетті дамыту, пайдалы қазбаларды тауып, адамзат игілігі жолына пайдалану. Алла Тағала Адамды жаратып, дәрежесін көтеріп, періштелерді оған сөзге жасауға бұйыруының себебі оның біліміне байланысты еді. Адамзат білім арқылы періштелерден асып түсті. Ибн Аббас риуаятында келгендей, Алла Тағала Адамға барлық нәрсенің атауларын үйретті. Тау, теңіз, ағаш, жан-жануар, сондай-ақ, жер бетінде өмір сүруге қажетті ғылымдарды да үйретті. Ал періштелер бұл атауларды, ғылымдарды меңгермеді. Себебі олар жерге халифа етіп жіберілгендіктен бұл ілімдер оларға қажет емес еді.

Егер Жаратушы Алла Адамға тек ғибадатты тар мағынада намаз, ораза, зекет, зікір, дұғалардан ғана тұрады деп үйретсе, онда періштелер сөзсіз Адамнан асып тұрар еді. Ал адам баласы періштелер секілді, жерде халифа ретінде емес, көкте өмір сүріп, солардың жасағандарын жасаумен шектелуге болар еді. Демек адамға үйретілген ілімі тек шарифат білім емес екен. Ол жер бетін игеруі қажет барлық ғылымды үйренді. Адам баласы жаратылыстану ғылымдарын назардан тыс қалдырған жағдайда, жер бетіне жіберілген халифалық миссиясын толыққанды атқара алмайды. Сондықтан екі ғылымды да қатар алып жүру - мұсылман үмбетінің негізгі міндеті.

Салтанат ҚОЖАНОВА,
аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі.

Шағын футбол алаңдары ашылды



Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ,
аудан әкімінің баспасөз
хатшысы.

Елордамыз - елдің төрі

Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі екені баршаға аян. Қазақстанның Жоғарғы кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде Назарбаевтың ұсынсымен елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Еуразия жүрегінде" атты кітабында "Ақмола Қазақстанның географиялық орталығы деуге болатын, Қазақстан экономикасының өрлеуінде жетекші де ескелең нүктелері болып отырған маңызды шаруашылық өңірлерге жақын орналасқан. Қала ірі көліктік арналардың қиылысында, тоғыз жолдың торабында тұр. Бұдан басқа, қала Қазақстан үшін көптеген шет елге шығудың мейлінше төте жолы – трансЕуроазия арналарына таяу қоныстанған", - деп жазды. Бүгінгі таңда елдің төрі - елордамыз барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Елордамыз - қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеудің айқын дәлелі. Елдің мақтанышы саналатын көкке ұмтылған бірегей, зәулім ғимараттар жүрегімізді тебіренетеді, мерейімізді тасытады. Елорданың заманауи келбетіне шетелдік қонақтар да таңданыспен қарауда. Жарқын қаламыз одан әрі өркендей берсін.

Күләйхан ДӘУЛЕТБЕКОВА,
аудандық партия филиалы төрағасының бірінші
орынбасары, аудандық мәслихат депутаты.

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯ

Жіті ішек инфекциясы (ЖИИ) - Ас қорыту жолдарын зақымдайтын инфекциялық аурулар тобы. ЖИИ қоздырғыштар өте төзімді және ұзақ уақыт топырақта, суда, сондай-ақ, қасық, тәрелке, есіктің тұтқасы, ойыншық және т.б. заттарда сақталуы мүмкін. Микробтар суда, сүтте, сүтті өнімдерде, салаттарда және басқа да тез бұзылатын азық-түліктерде көбейеді.

Негізгі белгілері: Іштің ауыруы; құсу, іш өту; дене қызуының көтерілуі; әлсіздік, тәбеттің төмендеуі.

Құсқанда және іш өткенде адам сұйықтықты жоғалтады, соның нәтижесінде ағзадағы су алмасу процесі бұзылып, жүректің, тамырлардың, бүйректің және басқа ағзалардың қызметінің бұзылуына әкеп соғады. Жедел ішек инфекциясының белгілері байқалса, өздігіңізден емделмей, жедел медициналық көмекке жүгініңіз!

Табиғатта белсенді, салауатты демалысты өткізу үшін ұсынылады: Азық-түлікті арнайы дүкендер мен базарлардан сатып алыңыз. Тез бұзылатын азық - түліктер: сүт пен сүт өнімдерін, етті, кремдері бар кондитерлік өнімдерді, дайын және тез бұзылатын салатты өзіңізбен бірге алып шықпаңыз. Ірі еттерді, құстың етін, жұмыртқаны өбден қайнатыңыз және қуырыңыз. Қолданар алдында көкөністерді, жеміс-жидектерді жақсылап жуыңыз. Ауыз суын немесе қайнатылған суды тұтыныңыз. Су қоймаларындағы суды пайдаланбаңыз. Қолыңызды жуыңыз немесе бактерияға қарсы әсері бар зарарсыздандыратын дымқыл майлықты қолданыңыз.

МЕНИНГИТ

Менингит (миқұрт) – бұл жүйке жүйесінің қатерлі ауруы. Менингит кезінде бас миының, жұлынның қабаттары түрлі вирустар мен бактериялардың әсерінен қабынуға ұшырайды. Инфекция көзі-науқас адамдар мен тасымалдаушылар. Менингит дербес ауру ретінде немесе басқа аурулардың асқынуы ретінде пайда болады. Емдеуді кеш бастағанда саңырау болып қалу, қояншық, гидроцефалия, паралич, өкпе ісінуі және балалардың ақыл-есінің дамымай қалуы сияқты асқынулары болуы мүмкін. Сол себепті менингитпен (миқұрт) дер кезінде емделіп, ауруды тоқтату керек.

Инфекцияның берілу жолдары:
Ауа - тамшылы жолмен: сырқаттанған адаммен немесе ауру тасымалдаушымен қарым - қатынасқа түскен кезде (жетелгенде, түшкіргенде, т.б.).
Тұрмыстық байланыс жолымен: күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар, ойыншықтар арқылы;
Тағам арқылы: жуылмаған көкөністер, жеміс - жидектер қолданғанда;
Су арқылы: ашық су қоймаларында немесе бассейндерде шомылу кезінде.

Менингитпен кім және қашан ауруы мүмкін?
Қауіп - қатер тобында – балалар! Ересектермен салыстырғанда, менингитпен ауруымен көбірек ауыратын мектеп оқушылар болып табылады.

Менингиттің (миқұрт) маусымдық түрі бар: бұл ауруға шалдығу көбіне қыс, көктем және жаз айларында жиілейді. Себебі, бұл кезде вирустар мен бактериялардың пайда болуы және таралуы жиірек.

Менингиттің белгілері. Әрбір ата-ана білуі қажет!
- Дененің температурасы жоғары (көп жағдайда жоғарғы температурада баланың аяқ-қолдары суық болуы мүмкін), қалтырау
- бастың өте қатты ауруы,

- көп рет құсу (алайда құсу жеңілдік алып келмейді)
- желке бұлшықеттерінің ригидтілігі (бала басын ұстаймай артқа қарай шалқақтайды);
- аяқтарын бүрсіп алады;
- жарықтан, қатты дыбыстардан қорқу
- терінің бозаруы
- сіңірдің түйілуі
- естен адасуы
- басқан кезде жоғалмайтын, қызыл немесе күлгін түстегі бөртпелер (менингитке тән, менингококкты инфекцияның әсерінен),
- ерте жастағы балаларда (1 жасқа дейін) менингиттің басты белгісі: ұзақ уақыт жылау, мазасыздық немесе немқұрайлық, үлкен еңбектің домбығып ісінуі;

Менингитпен қалай қорғануға болады?
Өкінішке орай бұл аурудың вакцинасы жоқ. Себебі ол көптеген вирустар мен бактериялардың әсерінен туындауы мүмкін. Алайда бұл аурудан алдын ала қорғанудың және оның күрделі түріне ұшырамаудың бірден-бір жолы балаларды дер кезінде туберкулез, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, қызылша, инфекциялы паротит және қызамыққа қарсы вакцинациялау.

Бұл вакциналардың бәрі мемлекеттің атынан тегін жасалады. Себебі олар профилактикалық егудің ұлттық күнтізбесіне енген. Менингит (миқұрт) әлсіреген, көп ауыратын балаларда жиі пайда болады. Аурудың алдын алу жолдары: ағзаны шынықтыру, таза ауада серуендеу, физикалық жүктемелер, дұрыс тамақтану.

И н ф е к ц и я л ы қ сырқаттанушылықтар, оның ішінде менингококк инфекциясы бойынша туындаған сұрақтарға аудандық аурухана педиатрі Адиманова Әсия 872832-2-19-39, терапевт дәрігері Ахметбеков Жандос 2-16-83 медициналық ұйымдардың қауырт желілері жұмыс жасайды.

Сальмонеллез дегеніміз не?

Сальмонеллез – бактериялы жұқпалы ауру, көбінесе ішек - қарын жолдарына зиян келтіреді, бұл жануарлар мен адамдар арасында болатын жіті ішек ауруы, көп жағдайларда азық-түлік арқылы беріліп, асқазан-ішек жолдарының зақымдануы арқылы сипатталатын жұқпалы ішек ауруы. Ауру қоздырғышы сальмонелла болып саналады. Ол көптеген аңдар және құстар ағзасында мекендейді. Сальмонеллалар суыққа төзімді және ұзақ қайнатқанда ғана жойылады. Сүтте, тартылған етте, жұмыртқа ұнтағында, сальмонеллалар өмірге бейімділігін сақтай отырып, көбеюі де мүмкін.

Жұғу көзі ауыл шаруашылық жануарлары мен құстар, сальмонеллезбен ауру адамдар және бактерия тасымалдаушылар болып табылады. Инфекцияны тасымалдайтын негізгі факторларға әртүрлі тағам өнімдері (мал, құс еттері, балық, устрица, теңіз шаяны, жұмыртқа және жұмыртқа ұнтағы, сүт және сүт тағамдары), көкөністер мен жемістер, кремді өнімдер жатады. Су ауруды жиі тасымалдаушы факторлардың бірі болуы мүмкін.

Ауру белгілері: Жасырын кезеңі - жұқтыру кезеңінен аурудың клиникалық белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім 2-6 сағаттан 2-3 күнге дейін құрайды. Ауру негізінде жіті басталады, бастапқы кезеңде улану (интоксикация), әлсіздік, бас ауруы, дене қызуының 39 градусқа дейін және одан да жоғары көтерілуінен, қалтыраудан, бас және бұлшық ет ауруынан басталады. Кейіннен жүрек айнып, лоқсу, құсу, бірнеше рет нәжісінің сұйықтанып, патологиялық қосындылармен бірге жасыл түсті болуын байқауға болады. Бұл аталған белгілер пайда болған жағдайда міндетті түрде дәрігерге қаралуы керек!

Емі: - асқазанды жуу, тазарту клизмасы. Патогенетикалық терапия: регидрон 2 л дейін, инфузиондық терапия, негізі тұзды ерітінділер, оның ішінде Рингер ерітіндісі, трисоль, ацесоль, хлосоль т.б.

Алдын-алу шаралары: Күнделікті жеке бас гигиенасын жерне тамақты дайындаудың (кондитерлік, кулинарлық өнімдердің, салаттардың) ережесін, дайын өнімдерді пайдалану мерзімі мен сақтау мерзімін қатаң қадағалай отырып, сальмонеллез инфекциясының алдын алуы тамақ өнімдерінің термиялық өңдеу ережелерін сақтау аса маңызды, әсіресе ет, сүт және құс өнімдерін, сонымен қатар кулинарлық, кондитерлік, сүт өнімдерін, тез бұзылатын тағамдар (салаттар, окрошка және т.б.). Көкөністерді, жемістерді пайдаланар алдында тазға ағынды сумен мұқият жуу аса маңызды. Белгісіз су қоймаларынан, әсіресе ашық су қоймаларынан суды пайдалануға болмайды.

Іш сүзегі (брюшной тиф)

Іш сүзегі - Salmonella typhi және salmonella paratyphi A және B қоздырғышымен шақырылатын, фекальді-оральді жолмен берілетін, ішектің лимфа аппаратының зақымдалуымен, бактериемиямен, айқын интоксикациямен бауыр мен көк бауырдың ұлғайымен және розеолезді бөртпемен сипатталған антропонозды жедел инфекция. Аурудың қоздырғышы – бактериялар су және топырақта 2 аптадай, жемістер мен көкөністерде 5 – 10 күндей, сары май мен етте 1 – 3 айға дейін тұрады.

Қыздырғанда 50°C-қа дейін өз тіршілігін жоймайды. Тек қайнатқанда ғана өледі. Үш типке бөлінеді (жеңіл, орташа, ауыр)

- А типті
Жеңіл түрі: жасырын, абортивті, амбулаторлы
- Ауыр түрі: пневмосүзек, менингосүзек, невросүзек, колоносүзек
Клиникалық көрінісі: Инкубациялық кезеңі 3-28 күнге дейін, орташа алғанда 9-14 күн. Типті түрінде инфекция біртіндеп басталады.

Негізгі клиникалық көріністері:

• Дене қызуы 39-40°C-ке дейін көтеріледі, көбінесе тұрақты түрде (кейде дұрыс емес немесе ремиттирленген), ұзақтығы 2-3 аптаға дейін;

• Интоксикация: басының нақты ауруы, ұйқысының бұзылуы, адинамия, апатия, сананың тұмандануы, енжарлық. Орталық нерв жүйесі жағынан әртүрлі дәрежедегі тифозды статус белгілері (тежелу, көңілсіздік, мимикасының азаюы, кейде сандырақтау, елестету, ориентациялық бұзылуы);

Тері өзгерістері: фазы, бөртпе (аурудың 8-12 күндері, розеолезді бөртпе түрінде, аз мөлшерлі, көбінесе ішіне, кеуденің төменгі жағына шығу, 2-3 күн себелеп шығуы тән).


Клиникалық белгілері мен эпидемиологиялық мәліметтері бойынша қойылған болжам диагноз келесі лабораторлы әдістер арқылы дәлелденеді. Аурудың емі тек ауруханада жүргізіледі: қатаң төсектік режимі, қызба түскенге дейін 10-11 күнге дейін; диета сақтау.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық ТҚҚСҚБ басқармасының басшысы.

Ж.ЕРКЕНОВА,
санитарлық-эпидемиологиялық
бөлімінің маманы.

Г. АБДЫМАЖИТОВА,
СӨС маманы.

Есірткімен күрес



Есірткі бағзы замандардан қолданылып келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Біздің заманымызға дейінгі 2700 жылдары Қытайда анаша пайдаланылды деген дерек бар. Көкнәрді Египетте емдік және діни ғұрыптарда пайдаланғаны туралы грек тарихшысы Геродоттың да еңбектерінен кездестіруге болады. Ең алғаш рет есірткінің зиянын шығыс ғұламасы Ибн Сина жазып көрсеткен.

Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезеңде ересектер арасында да есірткіге әуестенетіндер көбейіп келеді. Жастардың арасында есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Жасөспірімдер қоршаған ортасының кері әсеріне иланғыш келеді. Олар жас болғандықтан қоршаған ортаның әр сипатты әрекетіне адам ойына келмейтін жауап қайтарады. Өз іс - әрекетінің салдарын дұрыс болжамау, жеңілтектік, жан дүние, мінез - құлық пен дүниетанымның толық қалыптаспағандығы, иланғыштық, жан-дүние, кері әсерге еліктеушілік алғаш рет спирт ішімдіктері мен есірткінің дәмін көруді тудыратын себептер. Жасөспірімдер өздерінің ержүректігін, дербестігін танытуға болатын топтар мен ұйымдарға бірігеді.

Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымға шығуына қарсы күрес күні бұқаралық қоғамға қазіргі уақытта есірткі мәселесіне баса аударуға себепші болып отыр. Нашақорлық – әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Жер бетінде миллиондаған өмірлерді алып кетіп жатқан бұл ауру әлемдік трагедия, өз ауқымы жағынан дүниежүзілік соғыстармен тең.

Бүкіләлемдік дертке арнайы мамандар ғана емес, планетамыздың әрбір тұрғыны қарсы күрес жүргізе білгенде ғана мәселенің шешімі табылмақшы. Сондықтан да, сіз болып, біз болып салауатты өмір салтын қалыптастырайық!

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

(МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ АРНАЙЫ BERГЕН СҰХБАТЫ)



өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін қолайсыз үрдіс.

Біздің экономикамыз санкциялық соғыстар мен саяси текетірестерден шығынға ұшырауда. Еліміз өзінің бейбітсүйгіштігі мен өңірлік қауіпсіздікке сындарлы үлес қосуға әзірлігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. Елбасымыз ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы ері жаппай қарусыздану саясатының нағыз жақтаушысы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіздік жылдары бұл бағытты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – мемлекеттік шекарамыздың беріктігі! Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы шекарасының заңды түрде рәсімделіп, белгіленуінің, шын мәнінде, тарихи да, саяси да мәні зор. Шекара мәселесінде құжатты түрде екіжақты келісімнің болмауы қандай ауыр әрі ауқымды зардаптар мен қайшылықтарға әкелетінін көзіміз көріп отыр. Алыстан да, жақыннан да мысалдар аз емес.

Қазақстанның халықаралық дипломатияда бейбіт әлем туралы әрдайым өзіндік түсінігі, өзіне тән ерекшелігі болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев көпвекторлы, теңгерімді сыртқы саясатта Ресеймен стратегиялық серіктестікті, ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлік интеграцияға баса мән берді. Бұл – дұрыс таңдау болды. Дегенмен, әлемдегі ахуал бір орнында тұрмайды, алпауыт мемлекеттердің геосаяси мақсаты өзгеруде. Осындай жағдайда Қазақстан бірінші кезекте өзінің ұлттық мүддесін қорғауға міндетті. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақтың биылғы 19 мамырда өткен саммитінде интеграцияны Қазақстанның егемендігіне нұқсан келмейтін жағдайда ғана қолдайтынымызды ашық айттым.

– **Қоғамдық тәртіп мәселесі туралы сауалды да айналып өте алмаймыз. «Жұдырық бетке тигенге дейін» демократия сақталатыны белгілі. Бейбіт шерулерге шығатын азаматтардың жеке бас қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауы қалай реттеледі?**

– Бейбіт жиындар мен митингтерге қатысу – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығы. Ата заңымыздың кепілі ретінде азаматтардың құқығын толық қамтамасыз ету – менің міндетім. Бұл жөнінде былтырғы Жолдауымда айттым.

Парламент «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылдады. Қоғамдық сараптамадан өткен аталған заң – менің ойымша, еліміздегі демократияны ілгерілету үшін жасалған маңызды қадам. Енді бейбіт жиындарды өткізу үшін рұқсат сұрамай-ақ, бес күн бұрын жергілікті билікке ескертсе жеткілікті. Осындай жиындарды өткізу үшін бірқатар арнайы орындар бөлінді. Митинг ұйымдастырушылардан қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзбау талап етіледі. Сондай-ақ олар Конституцияға қайшы келетін үндеулермен шықпауы, ұлтаралық және әлеуметтік алауыздық туғызбауы қажет. Бұл – қалыпты жағдай. Әсіресе АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде болған соңғы оқиғаларды ескеру керек.

ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, біздің белгілі ақын - жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүниежүзі пандемия салдарымен күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл - ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Берімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл - кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

– **Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеңге саяси сараптама жасаған белгілі саясатта-

нушы Нұрлан Сүейдин мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда көш бастаған тұлға ретінде елдің болашаққа деген сенім-жігеріне қандай баға берер едіңіз?

– Баршаңызға

керек. Мемлекеттік басқару ісіндегі және идеология саласындағы қателіктерді дер кезінде түзеткен жөн. Егер жұмыс осылай жүретін болса, сөзсіз әділдік орнайды. Мен мұны сайлау алдындағы бағдарламада айтқан болатынмын. Сонда митингтің де қажеті болмай қалады.

Соңғы кездері елімізде «митингшілдік» белең алуда. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл – аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан – Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттер. Екі ел арасында кең ауқымды ынтымақтастық артып келеді. Бұл жерде экономикалық бәсекелестіктің де болатынын жоққа шығармаймыз. Осы жағдайларды әрқашан есте ұстау керек. Қазақстан өзінің көшбасшылық позициясын сақтап қалуға міндетті. Ол үшін елімізде тұрақтылық болуға тиіс. Егер ішкі мәдениетімізге салсақ, ол тұрақтылықты күштік құрылымдар емес, бірінші кезекте халықтың өзі қамтамасыз етуі қажет.

– **Пандемия болсын, басқа да жағдайлар болсын, ел ең алдымен зиялының сөзіне құлақ асып, ойын білгісі келеді. Жалпы ұлт қиын-қыстау күндерде ғана емес, өзінің бүкіл жүріп өтетін жолында пассионар тұлғалардың соңынан ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз рөлін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елеп, екшейміз?**

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл - парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе, бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы

Біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Ана тілі» газетіндегі сұхбатындағы көтерген мәселе, ойға қанымды. Президент ұлттық ана - тілімізді сақтап, өз тарихымызды терең дәріптеу жөнінде кеңірек айтып өтті. Сонымен қатар халқымызды осы қиын кезеңде ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, жас - өскелең ұрпақты еңбекке, білім алуға, дұрыс жол көрсету аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне артылып отырған міндет екенін айтып өтті.

ҰСЫНЫСЫМЫЗ БАР

Ең бірінші мәселе қазіргі кезеңдегі халыққа қиындық көрсетіп отырған індетті аман - есен өткізу. Иә, елімізді жайлаған пандемия халықты алаңдаушылыққа түсіргені рас. Президентіміз дәл қазіргі уақытта осы індеттің кең таралып жатқандығына алаңдаушылығын білдірді. Халықты сабырға шақыра отырып, карантин режимін қатаң сақтауға, тазалық пен тәртіпке бой ұсынуымызды ескертті.

Сондай – ақ, «Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың өңгімесін айттып, бір - бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек» деп, бүгінде той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе - бет келгенімізді ашып айтты. Иә, Елбасымыз айтқандай, «Бұл дәуір – ақыл - ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!»

Берімізге белгілі әлемді дүрліктірген мына алапат сәлемдік бүгінде қарабайыр қазақтың басына да түсті. Ғаламтор мен темір жәшіктен естіп жатқанымыз «пәленше адам коронавирус жұқтырыпты, аннан ұшып келіпті, мыннан ұшып келіпті» деген жаңалық. Төрт қабырғада қамалып отырған әр қазақ күні - түні тақымымызды қысып, дұғада отырмыз. Өмір бар жерде еліміз бар демекші, елімізде індет таралуына байланысты кейбір жағдаяттар шешімін таппай келеді. Тойдан бұрын бізді толғандыратыны жаназа шығару мәселесі. Карантин енгелі атам заманнан енген бұл дәстүрді біраз өзгеріс енгізу керектігін айтып келеміз. Міне, бүгінде аудан аумағында қаншама жаназа шығарылды. Ауданымыздың бас имамы мен аудан ақсақалдар алқасының ұйғаруымен мына бір жайттарды есепке алсақ деген ұсынысымыз бар:

1. Жылқы, ірі қара мал сойылу тоқтатылсын;
2. Мейрамханалар, үлкен дастархан жау тоқтатылсын;
3. Мейіт шығатын үйде тек алыстан келген ағайынға бір - екі ұсақ мал сойылып, құран бағышталсын;
4. Байырғы қазақ салтымен қайтыс болған адамды жерлегенше ағайын - туыс, көрші - қолаңы үй иелерін күніне 3 - 4 мәрте тамақтандырысын;
5. Қанша ғасыр бойы болмаған шаруа қайтыс болған адамды мақтап сөз сөйлеу тоқтатылсын! Себебі, бұл той емес!
6. «Көп түкірсе - көл» демекші, көңіл айтуға жиналған халық аза тұтып отырған отбасына қолдарынан келгенше 100 теңге болсын пітір - садақа берсін;
7. Зират басына орамал тую тоқтасын.
8. Марқұмды жерлегеннен кейін топырақ салған азаматтар бірден үйді - үйге тарасын. Тек алыс - жақындары мен өзінің бала - шағасы аза тұтып отырған үйге оралсын;
9. Қайтыс болған адамды жерлеу кемінде 1 миллион теңгені құрайды. Бұдан бөлек кей адамдарға сый берілу тоқтатылсын;
10. Қандай жағдаймен қайтыс болса да, марқұмның қарыздары 2 – 3 жылға ұзартылсын;
11. Жоғарыда айтылғандай, марқұмды жерлеу үшін әжептәуір қаражат кетеді, бұдан бөлек жетісі, қырқы тағы бар. Бұл артық шығындалумен қатар артында қалған отбасын тақырға отырғызу болып табылады.

Құрметті, Ақсу жұртшылығы жоғарыда атап өткеніміздей бұл дәстүрге де өзгеріс енгізіп, той секілді шығын шығаруды доғаруды жөн көріп отырған жайымыз бар! Қолдайсыздар деген ойдамыз. Мына бір ауыр індет қазақтың басынан бір жола арылсын деген ниеттеміз! Аман болайық!

Алдыңғы толқын ағалар, аудандық Ардагерлер кеңесі мен аудандық мешіт қоғамы атынан:
Амантай АЙТБАЕВ,
аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Сұхбаттасқан:
Жанарбек ӘШІМЖАН.

(Жалғасы. Басы 1 - бетте).

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҮР

(МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ АРНАЙЫ БЕРГЕН СҰХБАТЫ)

кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс.

Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

Төртіншіден, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет.

Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз киногерлері «Құрманжан датқа» деген мөлді, мағыналы, көз қуантып, көңіл толанып фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де ауызбіршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұралататын жағдай.

Әрине, ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дей тұрғанмен, біз әсіреуілшылдық пен радикализмге бой алдырмауымыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымадай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттімізге кесірін тигізуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тар-

тып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің ескелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай әрекетті қадамдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналады.

«Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін ата-бабамыздан келе жатқан тәмсіл бар. Күні кешегі үлкендердің әңгімесінен де еңбекке, еңбек адамына деген ерекше құрметті байқайтынбыз. Қазір елдің еңбекке етене араласуы үшін Сіздің тапсырмаңызбен Үкімет бірқатар бағдарламаларды қолға алып, лайықты деңгейде жүзеге асырып отыр. Ел мен жерді еңбекпен көркейту үшін қандай жаңа қадамдар мен жобалар жасалуы керек?»

Әлем жұртшылығы қазақ халқының көңілі дарқан, ғаламдық құбылыстарды өзінің қалыптасқан философиялық көзқарасы арқылы қабылдай алатын ұлт ретінде танып, біледі. Шыдамдылық пен жанашырлық – қанымызда бар қасиет. Осынау Ұлы далаға ең алғаш табаны тиген саяхатшылар алдымен біздің осы ерекшеліктерімізді баса айтқан. Сонымен қатар біз Абайдың өшпес туындысы – «Қара сөздерде» айтылған өз кемшіліктерімізді де жақсы білеміз. Айтпақшы, осы арада Мұрат Әуезовтің «Қара сөздерге» «Ғақлият» деген екінші атау берейік деген ұсынысын қолдайтынымды айта кетейін.

Өкінішке қарай, кейбір жағдайда біздің еңбекке байланысты қарым-қатынасымызға сыни көзқараспен қарайтындар аз емес. Бұл жағдай менің көңіліме қаяу салады. Біз қоғамның еңбеккерлерге деген көзқарасын түпкілікті өзгертуіміз керек. Әрбір еңбек құрметке лайық болуы қажет. Сондықтан мен «Халық алғысы» деген мемлекеттік награда тағайындадым. Ал еңбектегі табысы үшін берілетін «Еңбек Даңқы» орденінің мәртебесін көтеру жөнінде шешім қабылдадым.

Былтыр Ақордаға мекемелер мен ауылдардағы қарапайым жұмысшыларды арнайы шақырып, марапаттадық.

Біз осындай еңбек адамдарына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтын да аяқталмайтын жағдай жасауымыз қажет. Сол арқылы ескелең ұрпақ қоғамның құрметіне бөлену үшін жоғары мемлекеттік лауазымды иеленбей-ақ, өз ісін тыңғылықты,

Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымызді білдіреміз. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

мүқият атқарса жеткілікті екенін түсінуге тиіс. Үкімет менің тапсырмам бойынша Жұмыспен қамтудың жол картасын әзірледі. Оны іске асыру үшін шамамен 1 триллион теңгеге дейін қаржы жұмсалады. Жақында мен Үкіметтің уақытша жұмыс орындарын ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сынға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атақты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

«Қазір өлем өзгерген. Қалай болғанда да жаһандандудың көшінен қалып, есік-тереземізді қымтап жауып тастап отыра алмаймыз. Есік-тереземізді тас бүркеп, шекарамызды шегендеп, қақпамызға сом темір іліп қоятын тас дәуірі емес. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дем тарылады.»

Мемлекетаралық жағдайды жақсы білетін маман ретінде әлемдік ұлттар мозаикасына өз реңімізбен, қазақ болмыс-табиғатымызбен қосылу үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақтылап түсіндіріп берсеңіз...

Шынында да, өлем өзгерді. Мызғымастай көрінген жаһанданду үрдісі пандемияның әсерінен кідіріптеп қалды. Мемлекеттер өзін-өзі оқшаулауға, «әркім өз күнін өзі көрсін» қағидатына баса мән бере бастады. Халықаралық қатынастарда ұлтшылдыққа бет бұру үрдісі артып келе жатқаны байқалады. Мен мұны 2008 жылы ертерек болжап айттым. Бірақ ол кезде менің тұжырымымды саясаткерлер мен ғалымдар қолдамады. Тіпті коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеу ісі де халықаралық ынтымақтастықтан тыс, «әркім өзі үшін» қағидаты бойынша жүзеге асырылуда.

Өлемде өзге баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің атына заты сай бірегей халықаралық ұйым ретінде пандемия кезінде аса белсенділік таныта қоймады. Ірі державалар арасында текетірес күшейіп келеді. Аймақтардағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Бұл – өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан

Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес мүсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.



Біріншіден, қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау

б а й қ а й м ы з .

Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа ж е т е л е й т і н еңбекпен айналысып жатыр.

Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

Біріншіден,